



**MARGULAN
UNIVERSITY**



БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссиясының
Төрағасы

Е. Әмірбекұлы
2026 ж.

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университеті» КеАҚ
«6B01 – Педагогикалық ғылымдар»
білім беру саласы бойынша
АРНАУЛЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Павлодар
2026

Келісу парағы

Басқарма мүшесі-академиялық
мәселелер жөніндегі проректор



А.Б. Жумабекова

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Л.Н. Ахметова

Педагогика жоғары мектебі кеңесінің
отырысында қарастырылды
2026 ж. « 09 » 06 № 6 хаттамамен

Педагогика жоғары мектебі деканы



Б.М. Жапарова

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша өткізілетін арнаулы емтихан (бұдан әрі – Емтихан) бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес әзірленген.

Емтиханның мақсаты – Қазақстан Республикасының қолданыстағы білім беру заңнамасына сәйкес талапкерлердің педагогикалық қызметті жүзеге асыруға кәсіби бейімділігін, педагог мамандығына деген уәждемесін, кәсіби бағдарын, коммуникативтік құзыреттілігін, этикалық қағидаттарды ұстануын, балалармен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен тиімді қарым-қатынас орната алу қабілетін, психологиялық-педагогикалық дайындығын, сондай-ақ болашақ педагогке қойылатын кәсіби талаптарға сәйкестігін кешенді бағалау болып табылады.

Емтихан барысында талапкердің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, педагог қызметіне қойылатын талаптарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ педагогтің кәсіби стандарты мен педагогикалық әдеп нормаларында белгіленген қағидаттарды меңгеру деңгейі ескеріледі.

Бағалау нәтижелері талапкердің педагогикалық қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті тұлғалық, кәсіби және моральдық қасиеттерінің қалыптасу деңгейін, білім алушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, инклюзивті білім беру қағидаттарын сақтауға, академиялық адалдықты ұстануға, кәсіби жауапкершілік танытуға және үздіксіз кәсіби даму қағидатын басшылыққа алуға даярлығын айқындауға бағытталады.

Емтихан нәтижелері талапкердің педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдануы кезінде оның педагогикалық қызметті табысты меңгеру әлеуетін анықтайтын өлшемдердің бірі болып табылады.

1. АРНАУЛЫ ЕМТИХАНДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1.1. Университетке бакалавриат білім беру бағдарламаларына түсушілерді, сонымен қатар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғаларды Университет базасында педагогикалық қайта даярлаудан өту үшін қабылдау Емтихан нәтижесіне сәйкес жүзеге асырылады.

- қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі («орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар ұқсас бағыттар бойынша) және жоғары білімі бар, ақылы оқуға түсетін тұлғалар осы Емтиханның нәтижесі бойынша қабылданады.

1.2. Емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма Төрағасы – Ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне комиссиясы құрылады.

1.3. Емтихан комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамының қатарынан Университет өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, масс-медиа өкілдері кіреді

1.4. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі Емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

1.5. Емтихан келесі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өткізіледі.

Білім беру бағдарламаларының коды	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
B004*	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау*
B005*	Дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлау*
B006*	Музыка мұғалімдерін даярлау*
И007*	Көркем еңбек мұғалімдерін даярлау*
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау

B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B020	Арнайы педагогика

*оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға түсетін тұлғалар үшін.

1.6. Университетте Емтихан күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығында, бекітілген кестеге сәйкес, офлайн форматта, бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

1.7. Оқуға түсуші Емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

1.8. Емтиханды өткізу барысында түсушіге рұқсат етілмейді:

- аудиториядан емтихан комиссиясының рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;

- сөйлесуге;

- орын ауыстыруға;

- емтихан материалдарымен алмасуға;

- емтихан материалдарын аудиториядан шығаруға;

- аудиторияға оқу-әдістемелік әдебиеттерді, фотоаппарат, акпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер), радио-электрондық байланыстың барлық түрлері, оның ішінде (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және тағы басқалар), шпаргалкаларды алып кіруіне және қолдануына.

Аталған ережені бұзған жағдайда, тапсырушының нәтижесі жойылады.

1.9. Емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.10. Емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосы, комиссияның еркін нысандағы хаттамасы арқылы және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.11. Емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні Университеттің ресми сайтында жарияланады.

1.12. Емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланып, жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді (оқу мерзімі қысқартылған ақылы негізде оқуға түсушілер үшін – әңгімелесуден өткені туралы сертификат) беріледі.

1.13. Емтиханды өткізу кезеңіне емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, емтиханды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Университеттің Басқарма төрағасы - ректоры (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның) бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.14. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына Емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол Емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

1.15. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

1.16. Университет республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде оқуға қабылдау үшін Емтиханның қорытындысын, емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

АРНАУЛЫ ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Емтихан нәтижелерін бағалау талапкердің педагогикалық қызметті жүзеге асыруға кәсіби жарамдылығын, педагог мамандығына кәсіби бағдарын, тұлғалық және коммуникативтік қасиеттерін, педагогикалық әдеп қағидаттарын ұстануын, білім алушылармен және білім беру процесінің қатысушыларымен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін, сондай-ақ педагогтің кәсіби стандартына сәйкес келетін негізгі құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталады.

Бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

1. Педагогикалық қызметке кәсіби уәждемесі

- педагог мамандығын саналы тандауы;
- педагогикалық қызметтің әлеуметтік маңызын түсінуі;
- кәсіби даму мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы;
- білім беру саласында жұмыс істеуге тұрақты қызығушылығы.

2. Коммуникативтік құзыреттілігі

- ойын анық, жүйелі және сауатты жеткізе білуі;
- мемлекеттік және (немесе) орыс тілінде еркін қарым-қатынас жасауы;
- сұрақтарға нақты әрі дәлелді жауап беруі.

3. Педагогикалық әдеп және кәсіби этика

- педагогикалық әдеп қағидаттарын сақтауы;
- академиялық адалдық қағидаттарын түсінуі;
- кәсіби жауапкершілік танытуы;
- инклюзивті білім беру құндылықтарын қабылдауы.

4. Психологиялық-педагогикалық даярлығы

- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін түсінуі;
- педагогикалық жағдаяттарды талдай білуі;
- оқу-тәрбие процесіндегі мәселелерді шешу қабілеті;

5. Сыни және аналитикалық ойлау қабілеті

- мәселені жан-жақты талдай білуі;
- логикалық қорытынды жасауы;
- негізделген шешім қабылдай алуы;
- ұсынылған жағдаяттарға дәлелді жауап беруі.

6. Кәсіби құндылықтарды меңгеруі

- педагогтің кәсіби міндеттері мен жауапкершілігін түсінуі;
- білім беру жүйесінің негізгі қағидаттарын білуі;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеуі;
- азаматтық жауапкершілік пен патриотизм танытуы.

7. Жеке тұлғалық қасиеттері

- эмоционалдық тұрақтылығы;
- көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеті;
- бастамашылдығы;
- шығармашылық ойлауы;
- командада жұмыс істей білуі.

8. Жалпы мәдени және құқықтық сауаттылығы

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарының негізгі қағидаларын түсінуі;
- педагогтің құқықтары мен міндеттерін білуі;
- білім беру саласындағы нормативтік талаптарды түсінуі.

Бағалау шкаласы

Бағалау сипаттамасы	Нәтиже
Барлық критерийлер бойынша жоғары деңгейде жауап береді, педагогикалық қызметке толық дайын екенін көрсетеді.	«өтті»
Жауаптары толық, логикалық, дәлелді, болмашы кемшіліктер кездеседі.	«өтті»
Кәсіби даярлығы жақсы, жауаптары негізінен дұрыс, жекелеген дәлсіздіктер бар.	«өтті»
Негізгі құзыреттер қалыптасқан, бірақ талдау тереңдігі жеткіліксіз.	«өтті»
Жалпы түсінігі бар, жауаптарда дәлелдеу жеткіліксіз, кәсіби дайындық орта деңгейде.	«өтті»
Педагогикалық қызмет туралы базалық түсінігі бар, бірақ кәсіби құзыреттер жеткіліксіз қалыптасқан.	«өтті»
Педагогикалық қызметке қажетті негізгі құзыреттерді көрсете алмады, кәсіби жарамдылығы жеткіліксіз деп бағаланады.	«өтпеді»

1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕЙСТІҢ/ЖАҒДАЙАТТЫҢ ҮЛГІСІ

үлгі

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АРНАЙЫ ЕМТИХАН ТАПСЫРУҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!**

Кейстің негізгі бөліміне өтпес бұрын келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің педагогикалық білім беру бағдарламасын тандаудағы себебіңіз?

2. Қазіргі заманғы педагогке тән қасиеттерді атаңыз?

3. Сіз педагог қызметінде кездесетін мәселелерді шешуге қаншалықты дайынсыз?

4. Өзіңіздің оң және теріс мінез-құлық қасиеттеріңізді атаңыз?

Құрметті талапкер! Өзіңізді жұмыс істейтін жас мұғалім деп елестетіп, келесі педагогикалық жағдаятты шешуіңіз керек.

Кейстер мен сценарийлер

Ғылыми негізделген іріктеу моделінде кейстерді белгілі бір пәннің немесе сабақтың мазмұны төңірегінде емес, педагогикалық қызмет барысында туындайтын сыни жағдайлар (critical incidents) негізінде құрастыру ұсынылады. «Педагогикалық мотивация» құзыреттілігін бағалау үшін халықаралық тәжірибеде ең валидті деп танылатын үш жағдай түрі бар: оқушының оқу мотивациясын жоғалтуы, оқушының жүйелі түрде төмен оқу жетістіктерін көрсетуі және оқушының әлеуметтік қолайсыз жағдайда болуы. Аталған жағдайлар үміткердің балаға және педагогикалық мамандыққа деген шынайы бағдарын неғұрлым дәл айқындауға мүмкіндік береді.

Кейстің мақсаты

Бұл кейс талапкердің педагогикалық мотивациясын, оның білім беру үдерісіндегі баланы дербес субъект ретінде қабылдауын, оқу барысында қиындықтарға тап болған білім алушыларға қолдау көрсетуге дайындығын, сондай-ақ педагогтің әлеуметтік және дамытушы рөлін түсіну деңгейін бағалауға бағытталған.

Құзыреттілік

Педагогикалық мотивация және құндылықтық бағдар.

Құзыреттіліктің көрініс беру индикаторлары:

- білім алушы тұлғасының дамуына бағдарлануы;
- педагогикалық қолдау көрсетуге дайындығы;
- оқу қиындықтарының себептерін анықтай білуі;
- оқушыға табысқа жетуге көмектесуге ұмтылуы;
- білім беру нәтижесі үшін жауапкершілікті қабылдауы;
- педагогикалық қызметке оң көзқарасының болуы.

Кейс 1. Педагогикалық мотивация және құндылықтық бағдар

Талапкер (Сіз) 6-сыныптың жас мұғалімі рөлінде әрекет етеді.

Бақылау жұмысын тексеру барысында үміткер Айсана есімді оқушының тағы да төмен нәтиже көрсеткенін байқайды. Бұл - қатарынан алған төртінші қанағаттанарлықсыз жұмысы. Сабақтан кейін мұғалім қыз баланы әңгімелесуге шақырады. Айсана былай дейді: «Жалпы не үшін тырысу керектігін түсінбеймін. Мен бәрібір үнемі төмен баға аламын».

Әңгіме барысында қосымша мәліметтер анықталады: «Үйде материалды оқимын, бірақ бақылау жұмысы кезінде бәрін ұмытып қаламын. Өткен жылғы мұғалімім менің қабілетім жоқ екенін айтқан еді». Кейінірек қыз тағы былай дейді: «Нәтижелерді талдай бастағанда, мен алдын ала ең нашар оқушылардың бірі болатынымды білемін».

Осы жағдайда жас мұғалім таңдау жасау қажеттілігіне тап болады: бір

жағынан, оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі керек, екінші жағынан, оның оқу қиындықтарын еңсеруіне көмектесуі қажет.

Сізге арналған тапсырма

Өзіңізді осы жағдайдың ішінде деп елестетіңіз. Жас мұғалімнің ықтимал мінез-құлқына сәйкес келетін әрекет нұскасын таңдаңыз.

1-нұсқа

Оқушыға нәтижесін жақсарту үшін өз бетінше көбірек дайындалу қажет екенін айту.

2-нұсқа

Барлық оқушылар жоғары нәтижеге қол жеткізе бермейтінін түсіндіріп, ең төменгі талаптарды орындауға назар аударуды ұсыну.

3-нұсқа

Оқушымен оның оқу қиындықтарының себептерін талқылау, оның күш-жігерін атап өту және нәтижелерді біртіндеп жақсартуға бағытталған қолжетімді шағын мақсаттарды бірлесіп белгілеу.

4-нұсқа

Неғұрлым табысты сыныптастарынан көмек сұрауға кеңес беру.

5-нұсқа

Бағаларға алаңдамауды және мәселені ерекше назарға алмауды ұсыну.

Қосымша жағдайлық тармақ

Бір аптадан кейін оқушы жаңа тапсырманы орындап, аздаған ілгерілеу көрсетеді.

Алайда ол былай дейді: «Бәлкім, бұл жай ғана жолым болған шығар. Келесі жолы тағы да екі аламын».

Жас мұғалім осы жағдайға қатысты келесі әрекет нұскасын таңдауы қажет.

1-нұсқа

Бір ғана жақсы нәтиже әлі ештеңені білдірмейтінімен келісу.

2-нұсқа

Қол жеткізілген ілгерілеуді атап көрсету, жұмсалған күш-жігерге назар аудару және әрі қарайғы даму қадамдарын талқылау.

3-нұсқа

Келесі жұмыстардың нәтижесін күтіп, содан кейін ғана қорытынды жасауды ұсыну.

4-нұсқа

Өңгімені басқа тақырыпқа бұру.

5-нұсқа

«Қазіргі нәтижеге тым қатты қуана берме. Ең бастысы - босаңсымау және жұмысты жалғастыру, өйткені алда әлі де көптеген күрделі тапсырмалар бар».

Ашық сұрақтар

1-сұрақ

Неліктен дәл осы мінез-құлық стратегиясын таңдадыңыз?

2-сұрақ

Мұғалім оқушының тұрақты оқу үлгермеушілігін еңсеруіне қалай көмектесе алады?

ТАӘ

Білім беру бағдарламасы:

Арнайы емтихан күні, уақыты:

Байланыс телефоны:

ЖАУАПТАРЫҢЫЗҒА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ, СӘТТІЛІК!